

ҚАУЛЫ

2022 жылғы 4 қаңтар

7528-22-00-3/19

Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты
судья М.С.Абраевтың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы М.М.Джилкибаевты ала отырып,
Алматы қаласы Түркісіб прокуратурасының бөлім прокуроры Б.Ильясовтың,
өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп
жатқан тұлға Е.А.Торекуловтың қатысуларымен,
Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің
(бұдан әрі қарай – ӘҚБтК) 488-бабының 6-бөлігінде көзделген әкімшілік
құқық бұзушылықты жасағаны үшін,
Ержан Айтуганович Торекулов,
туған күні: 1983 жылы 30 мамыр,
тұрғылықты жері: ОҚО, Сарығаш ауданы, Ақтөбе ауылы, Достық көшесі, 26
үй,
жеке басын куәландыратын құжат: жеке куәлігі №026590505 Қазақстан
Республикасының Ішкі істер министрлігімен 2013 жылғы 11 сәуір айында
берілген,
ЖСН 830530300976,
әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлғаға
қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қазақ тілінде ашық сот
отырысында қарап,

АНЫҚТАДЫ:

3 қаңтар 2022 жылы сағат 12-00 шамасында Е.А.Торекулов, Алматы қаласы, Дулати көшесі, №145 үйде орналасқан «Достар» мейрамханасында өткен Арон Атабектің қырқына арналған асқа барып, Дулат көшесінің бойымен шерулетіп алаңға баруға ұмтылған.

Е.А.Торекуловтың іс әрекеттері полиция инспекторымен ӘҚБтКнің 488 бабының 6 бөлігімен бағаланған.

Яғни заңсыз митинге, жиналысқа бір топ адамдармен бірге белсенді қатысып, Алматы қаласында енгізілген режимдерін бұзып, жергілікті атқарушы орган өкілінің және құқық қорғау органдарының заңға қайшы әрекеттерді тоқтату және тарау туралы түсіндірмелеріне бағынбай, құқыққа қайшы әрекеттерін жалғастырған.

Сот отырысына мобилді телефонмен «WhatsApp» мессенджері арқылы шақырған С.С.Кайырбаев, өз кінәсін мойындамай, 3 қаңтар 2022 жылы сағат 12-00 шамасында «Достар» мейрамханасында өткен Арон Атабектің қырқына арналған асқа барғанын, содан шығып бір топ адамдармен бірге автобус аялдамасына бара жатқан кезде, полиция қызметкерлері күштеп автобусқа салып алып кеткендерін атап өтті.

Сот іске қатысушыларды тыңдап, іс құжаттарын зерттеп, келесі тұжырымға келді.



2020 жылғы 25 мамырда №333-VI «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының заңының (бұдан әрі – Заң) 4-бабының 2-тармағына сәйкес бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруға жергілікті атқарушы органға бейбіт жиналыстар өткізу туралы хабарлама немесе келісуді алу туралы өтініш береді.

3 қаңтар 2022 жылы сағат 12:00 шамасында азамат Е.А.Торекулов, қатысқан шеру Алматы қалалық әкімдігінің рұқсатысыз ұйымдастырылғаны сот отырысында толық анықталды. Яғни жоғарыда көрсетілген Занның 10-бабының 1-тармағына сәйкес пикеттеу, жиналыс, митинг нысанында бейбіт жиналыстар өткізу туралы хабарламаны бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушы жергілікті атқарушы органға өткізілетін күніне дейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қағаз жеткізгіште немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында берілмеген.

Көзделген Занның 6-бабының 3-тармағына сәйкес егер: өтініш берілмеген болса, тыйым салу туралы шешім шығарылса, өткізу кезінде осы Занның тәртібі бұзылған жағдайда, сондай-ақ азаматтарында өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін, қоғамдық тәртіп бұзылатын жағдайда жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы орган өкілінің талап етуі бойынша сөзсіз тоқтатылуға тиіс.

Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы орган өкілінің талабын орындаудан бас тартылған жағдайда оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды және демонстрацияны тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолданады.

Сот, істегі барлық дәлелдемелерді бағалай отырып, Е.А.Торекулов Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 2, 3, 4, 6-баптарының талаптарын орындамағандығы, яғни оның ӘҚБтК-нің 488-бабының 6-бөлігінде көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықты жасағандығы анықталды деген тұжырымға келеді.

Осы баптың алтыншы бөлігінде көзделген, ескерту жасауға немесе отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.

Оның кінәсі және әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен, құқық бұзушының түсініктемесімен дәлелденеді. Хаттама ӘҚБтК-нің 803-бабының талаптарына сай уәкілетті лауазымды тұлғамен толтырылған, оны толтыру кезінде заң бұзушылық орын алмаған. Хаттамада істі дұрыс шешуге қажетті барлық мәліметтер, оның ішінде әкімшілік құқық бұзушылықтың оқиғасы көрсетілген. Аталған хаттаманы заңбұзушылықпен алынған дәлелдеме деуге негіз жоқ. Сонымен бірге, хаттамада көрсетілген мән-



жайлар: Алматы қаласы қоғамдық даму басқармасының хабарламасымен; полиция қызметкерінің баянатымен; өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған тұлғаның түсініктемесімен, оқиға видеожазбамен дәлелденеді.

Е.А.Торекуловтың іс-әрекеті полиция органымен ӘҚБтК-нің 488-бабының 6-бөлігі бойынша Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасында белгіленген тәртіпті бұза отырып өткізілетін жиналыстарға, митингілерге, демонстрацияларға, шерулерге, пикеттеуге не өзге де жария іс-шараға қатысу, егер бұл әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса жасалған әрекет ретінде дұрыс сараланған.

Сот Е.А.Торекулов әкімшілік жауапкершілігін белгілегенде ӘҚБтК-нің 55-57-баптарын қолданып, әкімшілік құқық бұзушының жауаптылығын жеңілдететін мән-жай анықталған жоқ. Іс бойынша құқық бұзушылықтың сипатын ескереді. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты ауырлататын мән-жай ретінде карантин кезде заңсыз митингіге қатысып, басқа азаматтардың денсаулығына қауіп төндіруін ескеріп, ӘҚБтК-нің 488-бабының 6-бөлігінің санкциясына сәйкес 15 (он бес) тәулікке әкімшілік қамаққа алуға деп санайды.

Сот ӘҚБтК-нің 822, 829-11, 829-14 баптарын басшылыққа ала отырып,
ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 488-бабының 6-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықты жасағаны үшін Ержан Айтуганович Торекуловты әкімшілік жауаптылыққа тартып, оны 15 (он бес) тәулікке әкімшілік қамауға алуды.

Әкімшілік қамауға алу уақыты 2022 жылдың қаңтар айының 3 күні 14 сағат 40 минуттан басталсын.

Қаулының орындалуы Алматы қаласы Медеу аудандық ішкі істер басқармасына жүктелсін.

Қаулыға, оның көшірмесі алынған күннен бастап, ал егер ӘҚБтК-нің 744, 745, 746, 747, 748 және 753 баптарында аталған тұлғалар істі қарауға қатыспаған жағдайда, - оның көшірмесі табыс етілген күннен бастап, он тәулік ішінде Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты арқылы Алматы қалалық сотына шағым жасалуы, сондай-ақ прокурордың апелляциялық өтінішхаты бойынша ол қайта қаралуы мүмкін.

Судья

М.С.Абраев

Көшірмесі дұрыс:

Судья

М.С.Абраев

Анықтама: қаулы заңды күшіне «___» _____ 2022 жылдан бастап енді.

Судья

М.С.Абраев



